



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

14.12.2023 ж.

№ 29, 3- т.

Кәсіподақ оқуын ұйымдастыру жөніндегі жұмыс жағдайы және оның тиімділігін арттыру бойынша кәсіподақ органдарының міндеттері туралы.

Орталық комитеті аппаратының ұйымдастырушылық бөлімінің басшысы Е.С. Иманбаевтың ақпаратын тыңдап, талқылағаннан кейін Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Кәсіподақ оқуын ұйымдастыру жөніндегі жұмыс жағдайы және оның тиімділігін арттыру бойынша кәсіподақ органдарының міндеттері туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Мүшелік ұйымдар Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы қызметінің 2019-2024 жылдарға арналған бағдарламасын және Қазақстандық салалық білім және кәсіподақтық оқыту саласында Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері кәсіподағын дамытудың «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» атты тұжырымдамасын кәсіподақ ұйымдары жұмысының негізгі бағыттарының бірі деп есептесін.

3. Мүшелік ұйымдардың басқарушы органдары:

- кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, келісу комиссияларының мүшелерін оқыту бойынша жұмысты күшейтсін;

- білім беру ұйымдарының басшыларына, бухгалтерлер мен экономистерге еңбек қатынастары саласындағы заңнама нормаларын тәжірибеде қолдану мәселесі бойынша оқыту үшін қолда бар ресурстарды пайдалансын;

- бастауыш кәсіподақ ұйымдарында кәсіподақ оқуына жүйелі мониторинг жүргізсін;

- бейнесабақтар, презентациялар және басқа да инновациялық формалардың оқыту түрлерін қолдану бойынша жұмысты жандандырсын;

- кәсіподақ семинарларының нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдар мен жинақтарды әзірлеуді жалғастырсын;

- кәсіподақтық оқытуға арналған қаражатты шығындар сметасына енгізісін (кәсіподақтық оқытуға қаражат бөлу);

- кәсіподақ семинарлары туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде Кәсіподақ сайтында кеңінен жарияласын.

4. Орталық кәсіподақ комитетінің аппаратына 2024 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде оларды өзектендіру мақсатында «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдарды жаңартуды және мүшелік ұйымдарға жіберуді тапсырсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева